



Jaqsynyń aty ólmeidi, álimniń haty ólmeidi

BUQAR JYRAÝ

JARSHYSY

№26
(1669)

4

shilde 2026 jyl
июля 2026 года

Buqar jyraý aýdandyq aptalyq gazetі Еженедельная газета Бухар-Жырауского района
Gazet 1939 jyldyń 12 sáyirinen bastap shygady Газета издается с 12 апреля 1939 года

Жарлық Қазақстан Республикасы Құрылтайының сайлауын тағайындау туралы

2026 жылғы 01 шілде

Қазақстан Республикасы Конституциясының 46-бабының 3) тармақшасына және 95-бабының 1-тармағына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

- Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау 2026 жылғы 23 тамызға тағайындалсын.
- Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауға дайындықты және оны өткізуді ұйымдастырсын.
- Қазақстан Республикасының Үкіметі, астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың әкімдері Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауды ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету жөніндегі барлық қажетті шараларды кідіріссіз қабылдасын.
- Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2026 жылғы 1 шілде
№ 1338

Құрметті Бұқар жырау ауданының тұрғындары!

Астана – Тәуелсіз Қазақстанның еңсесін тіктеген, елдік мұрат пен ұлттық рухтың айқын көрінісіне айналған қасиетті шаһар. Бүгінде бас қаламыз еліміздің қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени дамуының басты орталығы ретінде мемлекетіміздің өркендеу жолына бағыт беріп келеді. Дәл осы жерде ел болашағына қатысты маңызды шешімдер қабылданып, ауқымды реформалар жүзеге асырылып, игі бастамалар өмірге жолдама алады.

Аз ғана уақыт ішінде әлем мойындаған заманауи мегаполиске айналған Астана – тәуелсіздігіміздің тұғыры, бірлігіміздің белгісі, жасампаздықтың жарқын үлгісі. Ол халықаралық деңгейде бейбітшілік пен келісімнің, өзара сенім мен сындарлы диалогтың маңызды алаңы ретінде танылып отыр.

Елордамыздың қарқынды дамуы – мемлекетіміздің тұрақтылығы мен қуатының айқын дәлелі. Астана әрдайым жаңару мен жаңғырудың, тың бастамалар мен үлкен мүмкіндіктердің ордасы болып қала береді. Алдағы уақытта да Әділетті Қазақстанды құру жолындағы игі істердің бастауы болып, халқымыздың игілігіне қызмет ете беретініне сенімдіміз.

Баршаңызға зор денсаулық, отбастарыңызға амандық, бақ-береке, еңбектеріңізге толағай табыс тілейміз! Еліміз тыныш, жұртымыз аман, еңселі Елордамыздың мерейі үстем болып, Астанамыздың абыройы асқақтай берсін!

Астана күні құтты болсын!

Ерлан ҚҰСАЙЫН,
Бұқар жырау ауданының әкімі

Асхат ӘЛИ,
Бұқар жырау аудандық мәслихатының төрағасы

Уважаемые жители Бухар-Жырауского района!

Астана – это сердце нашей страны, город, в котором воплощаются самые смелые идеи и масштабные проекты. Она стала символом независимого Казахстана, единства народа, уверенного движения вперед и созидательного труда миллионов граждан.

Сегодня столица является современным мегаполисом, где гармонично сочетаются богатые национальные традиции и передовые технологии, динамичное развитие экономики, науки, образования и культуры. С каждым годом Астана становится все более комфортной для жизни, привлекательной для инвестиций и открытой для международного сотрудничества.

Успехи нашей столицы – это результат сплоченности, трудолюбия и патриотизма всех казахстанцев. Каждый из нас своим ежедневным трудом вносит вклад в развитие родного края и укрепление благополучия нашей страны.

Пусть Астана и впредь остается городом больших возможностей, новых достижений и ярких свершений, а ее успехи вдохновляют нас на созидательный труд во имя процветания Казахстана.

От всей души желаем вам крепкого здоровья, мира, счастья, благополучия и уверенности в завтрашнем дне. Пусть в каждом доме царят согласие, достаток и радость, а наша Родина становится еще сильнее и успешнее.

С праздником! С Днем столицы!

Ерлан ҚҰСАЙЫН,
аким Бухар-Жырауского района

Асхат ӘЛИ,
председатель Бухар-Жырауского районного маслихата

Құрметті Бұқар жырау ауданының тұрғындары!

Сіздерді Ұлттық домбыра күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Домбыра – халқымыздың ғасырлар қойнауынан жеткен асыл мұрасы, ұлттық рухымыздың айнасы. Оның қос ішегінен төгілген әрбір күйде қазақ даласының кеңдігі, елдің тарихы, бабалардың ерлігі мен ұрпаққа қалдырған өсиеті жатыр.

Домбыра – халқымыздың рухани әлемін танытатын, өткен мен бүгінді жалғайтын қасиетті қазына. Күй өнері арқылы халқымыз қуанышын да, қайғысын да, арман-аңсарын да кейінгі ұрпаққа аманаттап келеді. Сондықтан қазақтың өмірін домбырасыз, ұлттық өнерімізді күйсіз елестету мүмкін емес.

Ұлттық домбыра күні – халқымыздың мәдени мұрасын ұлықтайтын, ұлттық құндылықтарды дәріптейтін тағылымды мереке. Бұл – жас ұрпақтың бойына туған елге, төл өнерге деген құрметті сіңіріп, ұлттық сананы нығайтатын ерекше күн.

Бүгінде дәстүрлі өнерге қызығушылық артып, домбыраны серік еткен жастардың көбейіп келе жатқаны қуантады. Бұл – халқымыздың төл мәдениетіне деген құрметтің артып, ұлттық мұрамыздың лайықты жалғасын тауып келе жатқанын көрсетеді.

Домбыра үнін ұлықтап, күй өнерін насихаттап жүрген барлық өнерпаздарға, ардагер күйшілер мен жас таланттарға зор ризашылығымызды білдіреміз. Ұлттың ұлы мұрасын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу жолындағы еңбектеріңіз әрдайым жемісті болсын.

Қасиетті қара домбыраның қоңыр үні әр шаңырақтан естіліп, халқымыздың бірлігі мен рухын асқақтата берсін!

Баршаңызға зор денсаулық, бақ-береке, отбасыларыңызға амандық тілейміз!

Ұлттық домбыра күні құтты болсын!

Ерлан ҚҰСАЙЫН,
Бұқар жырау ауданының әкімі

Асхат ӘЛИ,
Бұқар жырау аудандық мәслихатының төрағасы

Уважаемые жители Бухар-Жырауского района!

От всей души поздравляем вас с Национальным днем домбры!

Этот праздник объединяет всех, кто бережно хранит духовное наследие казахского народа, чтит его традиции и гордится богатой музыкальной культурой.

Домбра — это не просто национальный музыкальный инструмент. Ее звучание стало символом преемственности поколений, любви к родной земле и уважения к истории своего народа. Через кюи и народные мелодии передавались мудрость предков, героические страницы прошлого, человеческие чувства и жизненные ценности.

Сегодня интерес к традиционной музыке неуклонно растет. Все больше детей и молодежи осваивают искусство игры на домбре, принимают участие в творческих конкурсах и продолжают лучшие традиции великих кюиши. Это значит, что наше национальное достояние живет, развивается и находит отклик в сердцах нового поколения.

Выражаем искреннюю признательность всем музыкантам, преподавателям, деятелям культуры и ветеранам искусства, которые сохраняют и популяризуют традиционную музыкальную культуру Казахстана, воспитывают любовь к национальному искусству и передают свое мастерство молодежи.

Пусть мелодия домбры всегда вдохновляет на добрые дела, укрепляет чувство единства и гордости за нашу Родину.

Желаем всем крепкого здоровья, благополучия, мира, счастья и новых творческих успехов!

Ерлан ҚҰСАЙЫН,
аким
Бухар-Жырауского района

Асхат ӘЛИ,
председатель
Бухар-Жырауского районного маслихата